

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

КУЛКЕШЕВ КУАНЫШ НУРБАЕВИЧ

Тергеушінің қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде істің мән-жайларын
тергеудің жан-жақтылығын, толықтығын және объективтілігін қамтамасыз ету

7M12303 «Құқық қорғау қызметі» (ғылыми-педагогикалық бағыт)
білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі
дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:
арнайы заң пәндері
кафедрасының меңгерушісі
А.А. Ешназаров
заң ғылымдарының кандидаты,
аға әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2025 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертация қылмыстық процестегі алдын ала тергеудің жан-жақтылығы, толықтығы және объективтілігі қағидаттарының құқықтық және теориялық негіздерін зерттеуге арналған. Бірінші бөлімде осы қағидаттардың мәні, жалпы сипаттамасы және қылмыстық істің сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандарына байланысты іске асырылу ерекшеліктері қарастырылады. Екінші бөлім тергеушінің іс жүргізу дербестігіне арналған: ведомстволық бақылау жағдайында оның мәні талданып, үш буынды қылмыстық процесс үлгісіндегі прокурордың рөлі мен тергеу судьясының тергеушінің дербестігін қамтамасыз етудегі орны зерттеледі.

Жұмыста осы қағидаттарды іс жүзінде іске асыру мәселелері анықталып, оларды жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірленген.

РЕЗЮМЕ

Диссертация посвящена исследованию правовых и теоретических основ принципов всесторонности, полноты и объективности предварительного расследования в уголовном процессе. В первой главе рассматривается сущность этих принципов, их общая характеристика и особенности реализации в зависимости от формы досудебного расследования. Во второй главе внимание уделяется процессуальной самостоятельности следователя: анализируется её содержание в условиях ведомственного контроля, роль прокурора в рамках трехзвенной модели уголовного процесса, а также участие следственного судьи в обеспечении самостоятельности следователя.

Работа направлена на выявление проблем практической реализации данных принципов и разработку предложений по их совершенствованию.

SUMMARY

The dissertation explores the legal and theoretical foundations of the principles of comprehensiveness, thoroughness, and objectivity in the pre-trial investigation within criminal proceedings. The first chapter examines the essence and general characteristics of these principles, as well as the specifics of their implementation depending on the form of the pre-trial investigation. The second chapter focuses on the procedural independence of the investigator: it analyzes the nature of this independence under departmental control, the role of the prosecutor within the three-tier model of criminal proceedings, and the participation of the investigating judge in ensuring the investigator's independence.

The study identifies current problems in the practical application of these principles and provides proposals for their improvement.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1. АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДІҢ ЖАН-ЖАҚТЫЛЫҒЫ, ТОЛЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОБЪЕКТИВТІЛІГІ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Сотқа дейінгі тергеп тексерудің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидаттарының жалпы сипаттамасы.....	9
1.2 Сотқа дейінгі тергеу нысанына байланысты жан-жақтылық, толықтық және объективтілік қағидаттарын жүзеге асыру.....	15
2. ТЕРГЕУШІНІҢ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ДЕРБЕСТІГІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛАРЫ	
2.1 Тергеушінің ведомстволық бақылау жағдайындағы іс жүргізудегі дербестігі.....	30
2.2 Тергеушінің процессуалдық дербестігін жүзеге асыруда прокурордың рөлі және қылмыстық процестің үш буынды моделі.....	38
2.3 Тергеушінің процессуалдық дербестігін іске асырудағы тергеу судьясының рөлі.....	44
ҚОРЫТЫНДЫ.....	52
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	59
ҚОСЫМША.....	63

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҚПК	2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
ҚР ҚІЖК	1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі
ҚР ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
ІІМ ТД	Ішкі істер министрлігінің Тергеу департаменті
ПД	Полиция департаменті
ЖІҚ	Жедел іздетіру қызметі
РФ ҚПК	Ресей Федерациясының Қылмыстық-процестік кодексі

КІРІСПЕ

Жүрзізілетін зерттеудің өзектілігі. «Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында былай делінген» - «Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу қызметі саласындағы ЭЫДҰ елдерінде адам құқықтары мен оның заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету деңгейіне жақындауға ұмтылысы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары, прокуратура және сот арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратып, қылмыстық процестің үш буынды моделін кезең-кезеңімен енгізе отырып, құқық қорғау және сот жүйелерін одан әрі реформалау, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізу нысандарын оңайлату және қысқарту бойынша алынған стратегиялық бағытты жалғастыруды талап етеді» [1, 1 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев « 2020 жылғы 1 қыркүйекте жасаған «Жаңа жағдайда Қазақстан іс-қимыл кезеңі» - атты Қазақстан халқына Жолдауында қылмыстық процесті жүзеге асыратын органдардың өкілеттіктерін нақты бөле отырып, қылмыстық процестің үш буынды моделіне көшу жөнінде жұмыс жүргізуді тапсырды » [1, 1 б.].

Қ.К.Тоқаевтың жолдауында былай көрсетті: «Полиция қылмысты анықтап, оған қатысы бар адамдарды тауып, айғақ жинап, оны тиянақтап беруге тиіс. Прокурор жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беруге, азаматтар құқығын бұзудың жолын кесуге, кінәсіз адамдардың қылмыс үдерісіне тартылуына жол бермеуге, сотта айыптау жағын қолдауға міндетті. Сот органдардың әрекетіне қатысты шағымды қарайды және іс бойынша ақтық үкім шығарады. Мұндай тәсіл тежемелік және тепе-теңдік жүйесін нығайтып, әр кезеңде тиімді саралау жүргізіп отыруға мүмкіндік береді» [2, 1 б.].

2021 жылғы 27 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аясының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді ендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Тиімді қылмыстық саясат қылмыстық сот өндірісінің жақсы жүйесінсіз мүмкін емес. Сондықтан, «Қылмыстық іс жүргізу құқығының дамуы туралы айтқанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі қазіргі демократиялық мемлекет талаптарына сай екенін атап өту маңызды. Заңның басты мақсаты — адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау». Конституциялық нормалар тікелей қолданылып, заңдарға әсер етіп, сот арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

Тергеуші — қылмыстық процестің жаңа жүйесіндегі бірінші буын. Ол қылмыстарды тергейді.

Қылмыстық процестің жаңартылған моделіне көшкеннен кейін тергеуші, прокурор және соттың өкілеттіктері өзгерді. Қазір олардың жаңа рөлдері туралы көптеген зерттеулер жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық процесс құқығын дамыту басым бағыт ретінде танылды. Бұл ретте адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қағидаттарын сақтау басты назарда болды.

Осыған байланысты, тергеушінің өкілеттіктеріндегі өзгерістер алдын ала тергеу кезеңінде істің жан-жақты, толық және объективті зерттелу қағидатын қамтамасыз етуге қалай әсер еткені маңызды мәселе болып отыр.

Қазіргі уақытта тергеушінің процессуалдық мәртебесі мен оның прокурор және сотпен өзара қатынасы осы тұрғыда жан-жақты зерттелген ғылыми еңбектер аз.

Сондықтан тергеушінің қылмыстық қудалау барысында істің жан-жақты, толық және объективті зерттелуін қамтамасыз етудегі рөлі ерекше өзектілікке ие болуда.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Қылмыстық қудалау жүргізу барысында тергеушінің істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу мәселесі көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Олар бұл тақырыпқа әртүрлі қырынан және түрлі деңгейде талдау жасаған. Атап айтқанда, Е.В. Брянская, П.В. Вдовцев, А.М. Виданов, Д.А. Влезько, В.И. Дьяченко, А.С. Есина, А.Д. Қалығұлова, В.М. Коган, И.Н. Кондрат, В.А. Лазарева, Т.Г. Олефиренко, С.А. Пашин, Е.Н. Погорелова, Е.С.Пряхина, Н.С. Соколовская, В.Ю. Стельмах, Ю.П. Якубина, М.Г. Янин және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде бұл мәселелер қозғалған.

Қазақстандық ғалымдардан бұл бағытта зерттеу жүргізгендер қатарына С.А. Адилов, А.Н. Ахпанов, Г.Ж. Мергенова, Қ.Сабдин, С.Д. Сұлаимбекова, Б.Х. Төлеубекова, С.Төлесбай, Р.Тұрукпаева, Б.К. Шнарбаев, А.Л. Хан, Т.Б.Хведелидзе, Е.А. Умурзаков және басқалар кіреді.

Зерттеу мақсаты тергеушінің қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезіндегі сотқа дейінгі тергеп тексерудің мән-жайларын зерттеудің жан-жақтылығын, толықтығын және объективтілігін қамтамасыз ету мәселелерін кешенді зерттеу, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі зерттеу міндеттері анықталды:

- алдын ала тергеудің жан-жақтылығы, толықтығы және объективтілігі қағидатының қазіргі жай-күйін зерттеу;
- қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысанына байланысты істің мән-жайларын зерттеудің жан-жақтылығы, толықтығы және объективтілігі қағидатын іске асыруды талдау;
- ведомстволық бақылау және тергеу бөлімі бастығының рөлі туралы мәселені қарау;
- тергеушінің іс жүргізу дербестігін іске асыру кезіндегі прокурордың рөлін және қылмыстық процестің үш буынды моделін айқындау;

- тергеушінің іс жүргізу дербестігін жүзеге асырудағы тергеу судьясының рөлін анықтау.

Зерттеу объектісі тергеушінің қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезіндегі сотқа дейінгі тергеп тексерудің мән-жайларын зерттеудің жан-жақтылығын, толықтығын және объективтілігін қамтамасыз ету процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Зерттеудің тақырыбы тергеушінің қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезіндегі сотқа дейінгі тергеп тексерудің мән-жайларын зерттеудің жан-жақтылығын, толықтығын және объективтілігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін айқындайтын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасы болып табылады.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері практикалық және теориялық қызметтің бірлігіне негізделген материалистік диалектиканың жалпы әдісін және объективті шындықты білудің жеке ғылыми әдістерін қамтиды: салыстырмалы-құқықтық талдау, жүйелік-құрылымдық, нақты-әлеуметтанулық және ғылыми зерттеудің басқа әдістері.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Ұсынылған жаңарту қылмыстық процестегі дәлелдемелерді жинау және бағалаудағы заңдылық пен әділеттілікті күшейтуге бағытталған. Бұл жаңалық тергеу органдарына шешім қабылдаудағы еркіндікті арттыруға, тергеудің объективтілігін қамтамасыз етуге және қылмыстық процесте қоғамның әділеттікке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің нормативтік базасын ҚР Конституциясы, ҚР ҚПК, ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, заңдар, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді реттейтін өзге де нормативтік актілер құрады, ал зерттеудің теориялық базасын тергеушінің іс жүргізу мәртебесінің мәселелеріне және оның осы диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттерді шешуге ықпал еткен шамада істің мән-жайларын зерттеудің жан-жақтылығы, толықтығы мен объективтілігі туралы қағидатты іске асыруына арналған қазіргі заманғы отандық және шетелдік ғылыми жұмыстар құрады.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1. Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу туралы қағиданы іске асырудың қазіргі заманғы сот-тергеу практикасы оның нормативтік нұсқамаларына мүлдем сәйкес келмейтіндігіне байланысты ҚР ҚПК 24-бабында бекітілген қағидаттың атауын, сондай-ақ оның мазмұнын өзгерту қажет деп санаймыз және келесідей жаңа редакциясы ұсынылады:

«24-бап. Істі жан-жақты және толық зерттеу»

1. Сот, прокурор, тергеуші және анықтаушы істі дұрыс шешу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

2. Қылмыстық қудалау органдары іске қатысты мәні бар жағдайларды анықтау үшін нақты деректерді жинайды.

3. Іс бойынша күдіктіні, айыпталушыны немесе сотталушыны кінәлі ететін де, ақтайтын да жағдайлар анықталуға тиіс. Сондай-ақ, олардың жазасын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар зерттеледі.

Қылмыстық процесті жүргізуші орган күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының кінәсіздігі туралы немесе кінәсінің жеңіл дәрежеде екені жөніндегі барлық мәлімдемелерді тексеруге міндетті. Сонымен қатар, оларды ақтайтын немесе жауапкершілігін жеңілдететін дәлелдердің бар-жоғын анықтауы керек. Дәлелдерді жинау кезінде заңсыз әдістер қолданылғаны туралы мәліметтер де тексеріліп, қылмыстық іске тіркеп, одан әрі сот нақты шешім қабылдауға.

2. ҚР ҚПК 59-бабының 2-бөлігінің 5) тармағына өзгерістер енгізе отырып келесідей жаңа редакциясы ұсынылады: «қылмыстық істерді зерттеп, олар бойынша тергеушінің процессуалдық тәуелсіздігін шектемейтін нұсқаулар беруге».

3. ҚР ҚПК 193-бабының 1-бөлімінің 12-1) тармағына өзгерістер енгізе отырып келесідей жаңа редакциясы ұсынылады: «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 17-тарауында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар, аса ауыр қылмыстар мен ауыр қылмыстар, жеделдетілген өндірісте аяқталмайтын және қоғамда ерекше резонанс тудырған істер бойынша алдын ала тергеу жүргізіледі».

Апробация және нәтижелерін енгізу. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері заң профиліндегі жоғары оқу орындарында қылмыстық процесс құқығын оқытуда, сондай-ақ тергеушілерді, анықтаушыларды, анықтау және тергеу органдарының құрылымдық бөлімшелерінің бастықтарын, прокурорларды, судьяларды, адвокаттарды бастапқы даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде сенімді теориялық және әдістемелік материал бола алады.

2024 жылы 12 сәуірінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының жинағында «Қазіргі заң ғылымының дамуы: VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып «Тергеушінің қылмыстық іс жүргізу кезінде жауаптылығы» ғылыми мақаласы және 2024 жылдың 10 желтоқсанда «Халықаралық ғылыми журналына» «Тергеу органы мен тергеушінің арасындағы қарым қатынас және процессуалдық мәселелер» атты мақаласы жарияланды, енгізу актісі алынды [Қосымша 1].

1. Алдын ала тергеудің жан-жақтылығы, толықтығы және объективтілігі қағидаттарының құқықтық және теориялық негіздері

1.1 Сотқа дейінгі тергеп тексерудің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатының жалпы сипаттамасы

Сотқа дейінгі тергеудің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидасын талдауға кіріспес бұрын, қылмыстық процестегі қағидалардың мәні мен мағынасын түсіндіру қажет.

«Қағидат (принцип)» термині латынның *principium* сөзінен шыққан және «негіз», «бастама» дегенді білдіреді. Қағидаттар – ғылымның, теорияның немесе жүйенің басты идеялары. Сонымен қатар, қағидаттар – адамның шынайылыққа деген көзқарасы мен мінез-құлқын айқындайтын ішкі сенімдері [3, 511 б.].

Қылмыстық процесс саласында ғылыми әдебиеттерде қылмыстық процестің қағидаты ұғымына қатысты бірыңғай көзқарас жоқ. Кейбір ғалымдар (М.С.Строгович, М.А.Чельцов, М.Я. Савицкий және басқалар) қылмыстық процестің қағидаттары деп жалпы басшылық идеяларды түсінеді. Бұл идеялар қоғам дамуының объективті заңдылықтарын бейнелейді және көбінесе заң жүзінде бекітілгенге дейін пайда болады [4, 95 б.].

Құқық нормаларына айналғанға дейін идея қоғамда ұзақ уақыт талқыланатынына келісуге болады. Бұл идея жан-жақты зерттеліп, талқыланады. Көпшіліктің қолдауынан кейін ғана ол нормативтік ереже түрінде бекітіледі.

Екінші бағыттың өкілдері Н.Н. Полянский және басқалар қылмыстық процестің қағидаттары – бұл тек заңда тікелей бекітілген, анықтаушы, тергеу, прокуратура және сот органдарының қызметін айқындайтын жалпы және бастапқы ережелер деп есептейді.

Біздің ойымызша, бұл пікір орынды. Заңда қысқа және нақты түрде баяндалған қағидаттар кейінірек Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодекстің басқа баптарында кеңейтіліп, егжей-тегжейлі сипатталады.

Үшінші бағыттағы ғалымдар (А.Б.Сахаров, П.А.Фефелов, Т.Н. Добровольская және басқалар) қылмыстық процесс қағидаттарын негізгі және жалпы идеялар ретінде қарастырады. Бұл идеялар заңда тікелей көрсетілген немесе бірнеше құқық нормаларынан туындайды.

Төртінші бағыттағы ғалымдар (М.Л.Якуб, Б.Х.Төлеубекова, Р.Т. Шуменова және басқалар) қылмыстық процестің қағидаттары деп тек заңда нақты бекітілген басшылық идеяларды ғана мойындайды.

Біз процессуалист-ғалымдардың төртінші тобының пікірін толығымен қолдаймыз.

Қылмыстық процестің қағидаттары тек декларативті сипатқа ие емес. Олар императивті сипатта болады, яғни ондағы талаптарды орындау міндетті. Бұл талаптардың орындалуы құқықтық тетіктердің көмегімен қамтамасыз етіледі.

Қағидаттар қылмыстық іс жүргізудің мақсатты табиғатына негізделген

құқықтық талаптарды іске асыруды көздейді. Егер қағидаттар құқық нормаларында көрініс таппаса, онда олар құқықтық идеология элементтері болып табылады [5, 98 б.].

Ең озық және гуманистік идеялар құқық нормаларында бекітілмесе, олар құқықтық қағидалар болып танылмайды.

Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу тарихында алғаш рет 2014 жылғы Қылмыстық-процестік кодекстің 9-бабының бірінші бөлігінде қағидаттардың нормативтік анықтамасы келесідей бекітілді: «Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын және қылмыстық процестің өзінің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қылмыстық процесс сатыларының, институттары мен нормаларының жүйесі мен мазмұнын айқындайтын оның іргелі бастаулары қағидаттар болып табылады» [6].

Нормативтік ережелер қылмыстық процестің барлық кезеңдерінде қағидаттардың қолданылатынын көрсетеді. Қағидаттар барлық сатыларға және процессуалдық әрекеттерге әсер етеді, сондай-ақ қатысушылардың процессуалдық мәртебесіне де таралады.

Бұл – қылмыстық-процессуалдық заңның ешбір нормасы осы қағидаттарға қайшы болмауы тиіс дегенді білдіреді. Егер қандай да бір жағдай заңмен нақты реттелмесе, оны сот қылмыстық процестің тиісті қағидаттарына сүйене отырып шешуі қажет.

Сонымен қатар, қағидаттардың заңнамалық анықтамасынан олардың бір-біріне тең екені байқалады. Басқаша айтқанда, ҚР ҚПК 10-нан 31-бабына дейін бекітілген кез келген қағидаттардың бұзылуы бірдей құқықтық салдарға әкеледі.

Сотқа дейінгі тергеудің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидаты ҚР ҚПК-нің 24-бабында бекітілген анықтама жазылды:

1. Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

Бұл ретте сот істе бар және ұсынылған дәлелдемелерді осы Кодексте көзделген тәсілдермен зерттейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын жою мақсатында сот өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелер жинауға құқылы емес.

2. Қылмыстық құқықбұзушылық қудалау органдары нақты деректерді айқындайды, солардың негізінде сотқа дейінгі тергеудің маңызы бар мән-жайлар анықтайды.

3. Қылмыстық құқықбұзушылықты қарайтын сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, айыптаушы және қорғаушы тараптарға олардың істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге деген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай жасайды.

4. Осы Кодекстің 380-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сот істе бар және сот отырысында тараптар

ұсынған дәлелдемелерді зерттеудің қажеттілігі мен жеткіліктілігі мәселелері бойынша тараптардың пікірімен байланысты емес.

5. Іс бойынша күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны әшкерелейтін де, ақтайтын да, сондай-ақ олардың жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар анықталуға жатады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәсіздігі немесе кінәлілік дәрежесінің аздығы туралы, сондай-ақ оларды ақтайтын не олардың жауаптылығын жеңілдететін дәлелдемелердің бар-жоғы туралы барлық мәлімдемелерді, сондай-ақ дәлелдемелердің жиналуы мен бекітілуі кезінде тергеудің рұқсат етілмеген әдістерінің қолданылғаны туралы мәлімдемелерді тексеруге тиіс [6].

ҚР ҚПК 24-бабының бірінші бөлігі қылмыстық процесті жүргізетін барлық тұлғаларға қойылатын талаптарды көздейді. Бұл талап тек сотқа ғана емес, барлық қатысушыларға қатысты.

Сот алдын ала тергеудегі кемшіліктерді жою үшін дәлелдерді өз бетінше жинамауы тиіс. Бұл соттың бейтарап ұстанымын білдіреді.

Сонымен бірге, сот тараптардың осы принципті толық жүзеге асыруына жағдай жасауы керек.

Сотқа дейінгі тергеуде екі тарап бар – айыптау және қорғау. Істің жан-жақты зерттелуі дегеніміз – дәлелдердің екі тараптан да қаралуы.

ҚР ҚПК 24-бабының 5-інші бөлігінде айыпталушыны айыптайтын да, ақтайтын да, сондай-ақ жауаптылығын жеңілдететін немесе ауырлататын барлық мән-жай анықталуға тиіс екені көрсетілген. Яғни, барлық заңды мәні бар, іске қатысы бар, дәлелді және рұқсат етілген мән-жайлар анықталуы қажет.

Зерттеудің толықтығы дегеніміз – «ҚР ҚПК 113-бабында көрсетілген, міндетті түрде анықталуы тиіс мән-жайдың түгел анықталуы, сотқа дейінгі тергеудің ісі негізінде төмендегі қағидалар көрсетілген,

1) оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары);

2) қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны;

3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері;

4) күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар;

5) күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар;

6) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары;

7) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері;

8) әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар;

9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады» - деп көрсетілген [6].

Объективтілік – бұл құқықтық және адамгершілік талап. Ол істі жүргізетін және шешім қабылдайтын тұлғалардың әділ әрі адал болуын білдіреді. Мұндай тұлғалар субъективтілікке, біржақтылыққа және қатігездікке жол бермеуі тиіс. Әйтпесе, айыптаушылық бағытқа жол ашылады [7, 62 б.].

Объективтілік – бұл қылмыстық іс жүргізетін тұлғаға қойылатын талап. Ол бейтарап, адал және істің нәтижесіне мүдделі болмауы тиіс. Сонымен қатар, оның кәсіби білімі мен тәжірибесі болуы қажет. Оның әрекеттері субъективтілікке немесе немқұрайдылыққа жол бермеуі тиіс, себебі бұл айыптауға бейімділікке әкелуі мүмкін [8, 136 б.].

Сотқа тікелей бағытталған нормаларға қатысты, оларды Қылмыстық процестік кодекстің 23-бабының ережелерімен салыстыра талдау қажет. Бұл бапта сот ісін жүргізудің тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтығы қағидаты бекітілген. Бұл екі қағидат та іс үшін маңызды болып табылатын дәлелдемелерді зерттеу тәртібін егжей-тегжейлі анықтайды.

ҚР ҚПК 23-бабының бесінші бөлігі ҚР ҚПК 24-бабының нормасын нақтылау ретінде қарастырылуы тиіс нормаларды қамтиды. Өйткені ол, соттың қылмыстық құқықбұзушылық қудалау органы болып табылмайды, бірақ айыптау немесе қорғау жағында болмайтынын және құқық мүдделерінен басқа қандай да бір мүдделерді білдірмейтінін белгілейді.

ҚР ҚПК 24-бабында «Қылмыстық істі қарайтын сот өзінің объективтілігі мен бейтараптығын сақтай отырып, айыптау және қорғау тараптарына істің мән-жайларын жан-жақты әрі толық зерттеуге деген құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды жасайды» деп көрсетілген [6].

Төменде көрсетілген нормаға сәйкес мағынасы толық қайталанатын ұқсас ереже ҚР ҚПК 23-бабының 6-бөлігінде бекітілген, атап айтқанда: «Сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың өз процестік міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайларды жасауға міндетті» деп көрсеткен [6].

«ҚР ҚПК 24-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот тараптардың сот отырысында бар және ұсынылған дәлелдемелерді зерттеудің қажеттілігі мен жеткіліктілігі туралы пікірімен байланысты емес, осы кодекстің 380-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда» деп көрсеткен [6].

Алайда, ҚР ҚПК 23-бабының 8-бөлігінде Тараптар қылмыстық сот ісін жүргізу барысында өзінің ұстанымын, оны қорғаудың тәсілдері мен құралдарын дербес және сотқа, басқа да органдар мен адамдарға тәуелсіз таңдайтыны айтылған. Сот тараптың өтінішхаты бойынша оған осы Кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетеді.

Бұл жерде қылмыстық процестің екі қағидптының ережелерінің арасында айқын қарама-қайшылық бар.

Бұдан басқа, ҚР ҚПК 380-бабы тараптарға тиесілі дәлелдемелерді зерттеуді шектеу құқығын көздейді.

Мәселен, ҚР ҚПК 380-бабында мыналар көзделген:

– Мемлекеттік айыптаушы айыптау дәлелдемелерінің зерттелуін көрсетілген өтінішхат қозғалған кезге қаралған дәлелдемелермен шектеу туралы өтінішхат беруге құқылы. Сот тараптардың пікірлерін тыңдап, бұл өтінішхатты қанағаттандыруға құқылы.

– Қорғаушы тарап сотталушының, қорғаушының, сотталушының заңды өкілінің, азаматтық жауапкердің немесе оның өкілінің өтінішхаты бойынша ұсынылған және іске қоса тігілген дәлелдемелерді зерттеуден бас тартуға құқылы. Мұндай бас тарту сот үшін міндетті [6].

ҚР ҚПК 380-бабындағы нормалар түріндегі мұндай толықтыруды ескере отырып, артық салмақ ҚР ҚПК 23-бабының сегізінші бөлігінің пайдасына көрсетіледі.

Басқаша айтқанда, ҚР ҚПК 24-бабының 4-бөлігіндегі тараптардың «сот отырысында ұсынылған дәлелдемелерді зерттеу қажеттілігі мен жеткіліктілігі» туралы пікіріне соттың тәуелді еместігі жөніндегі ереже іс жүзінде өз тиімділігін көрсетпейді.

Сонымен қатар, ҚР ҚПК 24-бабының 2-бөлігіне қайшы келеді, өйткені онда соттың сотқа дейінгі тергеудегі олқылықтарды жою мақсатында өз бастамасымен қосымша дәлелдемелер жинауға құқығы жоқ екендігі» - деп көрсетілген .

Сол себепті, ҚР ҚПК 24-бабындағы істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатының мазмұнын ашатын нормалар кей жағдайларда тараптардың тең құқылығы мен жарыспалылығы қағидатын бекітетін ҚР ҚПК 23-бабын қайталаса, кейбір жағдайда оған қайшы келеді.

Біздің ойымызша, талқыланатын қағидатқа қатысты тағы бір маңызды фактіге назар аудару керек.

2010 жылғы 1 қаңтарға дейін аталған баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылды: «Қылмыстық істі қараушы сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, айыптау және қорғау тараптарына олардың істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеу құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай туғызады. Сот тараптардың пікірімен байланысты емес және өз бастамашылығымен қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтау үшін қажетті шаралар қолдануға құқылы» [9, 1 б.].

Шын мәнінде, қылмыстық іс бойынша ақиқатты ашу қарастырылып отырған қағидаттың барлық мазмұнына бағытталған.

Алайда, 2009 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының № 227-IV Заңына сәйкес ҚР ҚПК 24-бабы 3-бөлігінің мәтінінен соттың ақиқатты анықтау жөніндегі міндетін көздейтін екінші ұсыныс алынып тасталды» [6].

Содан, «1997 жылғы ҚР ҚІЖК және 2014 жылғы қазіргі қолданыстағы ҚР ҚПК бойынша сотқа дейінгі тергеудің мән-жайын, жан-жақтылығын, толықтығын және объективтілігін қамтамасыз ету қағидатының мазмұнына ақиқатты ашу қажеттілігі туралы ереже көзделмеген» [6].

Қазіргі заманғы қылмыстық процессуалдық заңнама сотты қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға міндеттемейді. Бұл нәтиже күтілген болатын. Себебі, тараптардың бәсекелестік және тең құқықтылық қағидаттарын толық жүзеге асыру үшін сот тек қана әділеттілікті жүзеге асыруға бағытталуы тиіс. Бұл қазіргі уақытта соттың негізгі мақсаты ретінде қарастырылады. Әйтпесе, сот бейтараптылықты жоғалтып, объективтілікке нұқсан келтіруі мүмкін.

Қазіргі жағдайға байланысты келесі авторлардың пікірлерін қолдау қажет деп санаймыз. С.А. Пашин юристің шындықты табуға емес, сот процестерінің дұрыс жолмен жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті екенін айтады. Ол дәлелдемелер арқылы шындық анықталмайтынын, тек белгілі бір қорытындылардың негізделетінін атап өтеді. Шындықты іздеу — бұл нәтижеге жауапты адамдардың жұмысы. Судья нәтижеге тек сол тұрғыдан жауап береді, ол «Иә, кінәлі», егер бұл дәлелденсе, немесе «Жоқ, кінәсіз», егер дәлелдер болмаса, деп айтуы тиіс, және одан басқа ештеңе емес [10, 312 б.].

Егер осындай құрылымды қабылдаса, С. А. Шейфердің әділ атап өткендей, сотта ақиқаттың анықталуы туралы айтуға болмайды. Соттың айыптау немесе ақтау үкімінде қамтылған нәрсе бір тараптың ұстанымының сенімділігін констатациялаудан аспайды. Мұндай «ақиқатты» тек формалды деп анықтауға болады [11, 23 б.].

Егер Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің соттың ақиқатты анықтау міндетіне қатысты тәжірибесіне жүгінсек, онда келесіні байқауға болады.

Ресей Федерациясында іс мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеуді қамтамасыз ету қағидаты Қылмыстық-процестік кодекстен толығымен алынып тасталған.

Н.С. Соколовскаяның жазуынша, қылмыс жасау мән-жайларын толық, жан-жақты және объективті зерттеу мен жарыспалылық қылмыстық процестің өзара жоққа шығаратын бастаулары ретінде қабылданады.

Ресейдің қылмыстық сот ісін жүргізуін жарыспалы деп жариялау Қылмыстық-процестік кодекстен құқық қорғау органдарына бағытталған қылмыстық істің мән-жайларын толық, жан-жақты және объективті зерттеу туралы талапты алып тастады [12, 49 б.].

Г.Д. Луковников бұл туралы былай деп жазады: «РСФСР Сот реформасының тұжырымдамасын жасаушылар мен Ресей Федерациясының Қылмыстық-процестік кодексінің авторларының қылмыстық істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатынан бас тартуы бүгінде объективті ақиқатты анықтамай-ақ қылмыстық істі шешуге мүмкіндік береді» [13, 86 б.].

«Беларусь Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 18-бабында істің барлық мән-жайлары жан-жақты, толық және объективті зерттелуі тиіс деген қағидат бекітілген, алайда, ҚР ҚПК 24-бабында көрсетілген, соттың іс бойынша ақиқатты анықтау міндеті алынып тасталған» - деп көрсетілген [14].

Дегенмен, Ресей Федерациясының Қылмыстық-процестік кодексінен біз қарастырып отырған қағидат алынып тасталғаннан кейін, қылмыстық процесс

саласындағы ғалымдар арасында қабылданған шешімнің орындылығы туралы пікірталастар әлі күнге дейін толастамай тұр.

Мәселен, кейбір ғалымдар Ресейдегі қылмыстық сот ісін жүргізуді жарыспалы етуге бағытталған заң шығарушының асығыс және ойластырылмаған қадамдары бұл қағидаттың өзі жұмыс істемейтініне және бүкіл қылмыстық процесс жүйесінің дағдарысына әкелді деп есептейді.

Сонымен қатар, бұл қағидатты бүкіл қылмыстық процесске, оның ішінде сотқа дейінгі өндіріске де негізсіз қолдану, сотқа дейінгі сатыдағы тараптардың теңдігі тек қағаз жүзінде қалып, оны іске асыру тетіктерінің жоқтығына әкеледі.

Е.С. Пряхина мен М.Г. Янин алдын ала тергеудің жан-жақтылығы, толықтығы және объективтілігі туралы талап сот талқылауындағы кінәсіздік презумпциясы мен тараптардың жарыспалылығы қағидаларына қайшы келмейді деп жазады.

Керісінше, бұл талап соттағы нағыз жарыстың қажетті алғышарты болып табылады, өйткені ол күдіктіге, айыпталушыға, қорғаушыға, сондай-ақ жәбірленушіге жарысқа дайындалуға мүмкіндік береді.

Бұл талаптың болмауы сотқа бір жақты және толық емес тергелген істердің түсуіне әкеледі, ал мұндай істер бойынша заңды, негізделген және әділ үкім шығару мүмкін емес.

Біздің ойымызша, жоғарыда келтірілген пікірлерге құлақ асу қажет. Бұл сөздер біз қарастырып отырған қағидатты Қылмыстық-процестік кодекстен алып тастау туралы заң шешімін практикалық тұрғыда қолдану тәжірибесіне негізделген.

«ҚР ҚПК 24-бабының кейбір нормалары ҚР ҚПК 23-бабының ережелерін қайталайтынын анықтадық. ҚР ҚПК 23-бап сотта тараптардың жарыспалылығы мен теңдігі қағидатын бекітеді, басқа жағдайларда ҚР ҚПК 24-баптың нормалары ҚР ҚПК 23-бапқа қайшы келеді, бұл шешім талап етеді» - деп көрсетілген [12].

Біздің ойымызша, ҚР ҚПК 24-бабын алып тастаудың қажеті жоқ. Мүмкін, сотқа дейінгі тергеудің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу заңдылығы түбегейлі қайта қаралып, өзгертілуі тиіс. Оны қылмыстық процестің міндеттерін орындау талаптарына сәйкес келтіру керек.

1.2 Сотқа дейінгі тергеп тексеру жан-жақтылық, толықтық және объективтілік қағидаттарын жүзеге асыру

ҚР ҚПК 189-бабының 1-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру анықтау, алдын ала тергеу нысанында және хаттамалық нысанда жүргізіледі, өз кезегінде, анықтау нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру жеделдетілген іс жүргізу тәртібімен жүргізілуі мүмкін, сондай-ақ ҚР ҚПК 526-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізудің хаттамалық нысаны мүмкін, сонымен қатар, анықтау істері жеделдетілген тергеп-тексеру тәртібімен тергелуі мүмкін.

Алдын ала тергеу әдеттегі тәртіппен, сондай-ақ жеделдетілген тергеп-тексеру нысанында да жүргізілуі мүмкін.

Заң шығарушы, ең алдымен, құқық бұзушылықтың ауырлығын ескере отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізуді саралады.

В.И.Дьяченконың пікірінше, «сотқа дейінгі тергеп-тексерудің таңдалған немесе басқа нысанын қолдану, ең алдымен, қылмыстық заңның нормасында көзделген жазаның ауырлығына байланысты, содан кейін қылмыстың мән-жайын анықтаудың күрделілігі ескеріледі» - деп көрсетілген [15, 16 б.].

Осылайша, «ҚР ҚПК сәйкес аса ауыр қылмыстар бойынша жеделдетілген іс жүргізуге жол берілмейді, ал қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қылмыстық қудалау органы хаттамалық нысанда жүргізеді» деп көрсетті [15, 16 б.].

И.Н.Кондрат дұрыс көрсетті, «сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандарының арасындағы айырмашылықтың негізгі белгісі – материалдық-құқықтық өлшем, жазаның ауырлығы, сондай-ақ оларды жасаудың мән-жайын белгілеудегі қауіптілік пен күрделілік критерийі» [16, 278 б.].

Сотқа дейінгі тергеп тексеру іс жүргізуді таңдау қажет болса, істің күрделілігі ескеру керек. Мысалы, алдын ала тергеу міндетті болып табылады, егер қылмыс құқықбұзушылық кәмелет жасқа толмаған тұлға жасаса немесе психикалық кемшілігі бар тұлға жасаса және ол өз құқығын өзі қорғай алмаса, қылмыстық істегі күдікті адамның кім екені белгісіз болса (ҚПК 189-бап, 3-бөлім).

Жеделдетілген тергеп-тексеру кезінде тергеу түрін анықтау критерийі — күдіктінің тағылған айыпқа көзқарасы және жәбірленушінің келісімі.

Екінші критерий — тергеу мерзімі. ҚР ҚПК 192-бабына сәйкес: анықтау істері бойынша сотқа дейінгі тергеу мерзімі бір айдан аспауы керек. Ал алдын ала тергеу істері бойынша — екі айдан аспауы тиіс. Жеделдетілген тергеп-тексеру он бес тәулік ішінде аяқталуы керек (ҚПК 190-бабының 3-бөлімі).

ҚР ҚПК 526-бабына сай: анықтау органы күдікті анықталған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық туралы бірден хаттама жасауы керек. Күдікті болмаған жағдайда, хаттама күдікті тұлға анықталған соң, жауапкершілікке тарту мерзімі ішінде жасалады [6].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтайтын процессуалдық актінің нысаны да әртүрлі болады. Мысалы, алдын ала тергеу, жеделдетілген тергеп тексеру, анықтау айыптау актісін жасау арқылы аяқталуы мүмкін, қылмыстық теріс қылықтар бойынша айыптау актісі жасалмайды, жинақталған материалдар істі сотта қарауға негіз болып табылады, бұйрықтық іс жүргізу бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулы жасаумен аяқталу негізінде, осылайша, қылмыстық-процестік заң кейбір жағдайларда сотқа дейінгі тергеп тексеруді оқшаулап, оған арнайы критерийлер белгілейді, солардың негізгісі мыналар болып табылады:

— материалдық-құқықтық критерий, яғни қылмыстық құқықбұзушылықтың ауырлық дәрежесі

- тергеудің күрделілігі, таңдалған іс жүргізу шеңберінде дәлелдеуге жататын барлық мән-жайларды анықтау мүмкіндігі
- тергеу мерзімдері
- қылмыстық процеске жетекшілік ететін органдардың іс жүргізу қызметінің нәтижелері тіркелетін құжаттардың нысаны.

Алдын ала тергеп-тексеру жеңілдетілген түрлерде жүргізілген кезде (мысалы, материалдарды хаттама түрінде рәсімдеу, жеделдетілген немесе бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен), істің барлық мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатын толық іске асыру туралы айтуға болмайды.

Бұл жағдайлар алдын ала тергеп-тексеруді барынша оңтайландыруға және қылмыстық процессте үнемділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

«ҚР ҚПК 190-бабына сәйкес, процессуалдық үнемділік тек сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерінің қысқаруымен ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің және қылмыстық процесс қатысушыларының күштері мен қаражатын үнемдеумен де көрініс табады, жеделдетілген тергеп-тексеру барлық қылмыстық істер бойынша жүргізілуі мүмкін, бірақ бұл аса ауыр қылмыстар мен хаттамалық нысандағы істерге қатысты қолданылмайды, егер құқық бұзушылық жасаған адам анықталса, ол өз кінәсін мойындаса және келтірілген залалдың мөлшеріне келіссе, сондай-ақ жеделдетілген өндірістің тәртібі мен салдарын түсінсе, іс жеделдетілген тәртіппен аяқталуы мүмкін, жеделдетілген тергеп-тексерудің мерзімі – он бес тәулік» - деп көрсетілген [6].

Р.Тұруқпаева өз пікірінде, бұл жаңашылдықты істерді тиімді әрі объективті қараудың жолы ретінде бағалайды. Сондай-ақ, ол бұл тәсіл күдіктілерді артық бюрократиядан, ал мемлекеттік қызметкерлерді жемқорлықтан қорғауға көмектеседі деп есептейді. Себебі шенеуніктердің жұмысы уақытпен шектеледі және олар нәтижеге жұмыс істеуге мәжбүр болады [17, 1 б.].

«ҚР ҚПК-не сәйкес, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру келесі жағдайларда қолданылмайды:

1. Егер бірнеше қылмыстық құқықбұзушылық жасалса және олардың біреуі аса ауыр болса;
2. Егер адам сот ісі жүргізіліп жатқан тілді білмесе;
3. Егер адам қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар болса;
4. Егер қылмыстық құқықбұзушылықты бірге жасағандардың бірі кінәсін мойындамаса;
5. Егер қылмыстық құқықбұзушылықты кәмелетке толмағандар немесе дене немесе психикалық кемшіліктері бар адамдар жасаса және олар өз құқықтарын өздері қорғай алмаса» - деп көрсеткен [6].

«ҚР ҚПК 190-бабының 4-бөлігі сәйкес, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеп-тексеруді жүргізіп отырған тұлға қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтайды және күдіктінің бұл құқық бұзушылықты жасағанын растайтын дәлелдерді жинайды» - деп көрсетілген [6].

Осылайша, жеделдетілген тәртіппен тергеп-тексеру жүргізілгенде істің барлық мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидасы қолданылмайды.

Сонымен қатар, жеделдетілген тәртіппен тергелген қылмыстық істер бойынша сот талқылауы да қысқартылған тәртіпте өтеді. ҚР ҚПК 382-бабына сәйкес, мұндай «сот талқылауы тек айыпталушы мен жәбірленушіні сұрау, процессуалдық келісім немесе медиация тәртібімен бітімгершілік келісімінің мән-жайларын анықтау, азаматтық талап бойынша төлем мерзімі мен тәртібі, сондай-ақ процессуалдық шығындар мәселелерін қарастырудан тұрады» - деп көрсетілген [6].

«Соттардың қылмыстық істерді қысқартылған тәртіппен қарауы туралы» «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы №17 Нормативтік қаулысында» былай анықтама берілген: «Қысқартылған тәртіппен сот талқылауы жүргізілген кезде, сот тергеуі Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 382-бабының екінші бөлігіне сәйкес өтеді. Бұл жағдайда басқа дәлелдемелерді жариялау және зерттеу талап етілмейді, өйткені олар ешкіммен дауланбайды және олардың дұрыстығы, қатыстылығы мен рұқсат етілетіндігі мойындалады» [18, 1 б.].

2014 жылғы ҚР ҚПК жаңа өзгерістердің бірі – сотқа дейінгі өндірісте хаттамалық нысанды енгізу болды. ҚР ҚПК 191-бабының 15-бөлігіне сәйкес, «осы баптың 16-дан 24-ке дейінгі бөліктерінде көрсетілген қылмыстық теріс қылықтар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру міндетті емес. Мұндай істер бойынша жиналған материалдар сотта қарау үшін жеткілікті негіз болып табылады, ал анықтау органы күдікті ретінде жауап алынған сәттен бастап он күн ішінде қылмыстық теріс қылық туралы хаттама жасайды, ҚПК 526-бабының 1-бөлігі сәйкес, бұл процесс ҚР ҚПК 64-бабының 1-бөлігінің 4) тармағына сәйкес жүргізіледі, сонымен қатар, бұл іс-шара қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімі шегінде жүзеге асырылуы керек» - деп көрсетілген [6].

«ҚПК 527-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қатысты күдіктіге қатысты іс-құжат жасалады, онда келесі деректер көрсетіледі: оның жасалған уақыты мен орны, хаттаманы жасаушы тұлға, күдіктінің жеке деректері, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған орын мен уақыт, оқиға, оның әдістері, себептері, салдары және басқа да маңызды жағдайлар, қылмыстың бар екенін және құқық бұзушының кінәсін растайтын нақты деректер, ҚР ҚК Ерекше бөлімінде қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері, зардап шегуші туралы деректер, оған келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерінде» - деп көрсетілген [6].

«ҚПК 527-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тек қана қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және күдіктінің, айыпталушының кінәсін дәлелдейтін басқа да дәлелдерді тіркейтін тергеу әрекеттерін және басқа да процессуалдық іс-шараларды жүргізуге құқылы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға жинақталған дәлелдермен шектелуге құқылы, егер іс бойынша анықталған

жағдайлар күдікті мен оның қорғаушысы, зардап шегуші тарапынан дауға салынбаса» - деп көрсетілген [6].

«ҚР ҚПК 529-бабының 1-тармағына сәйкес, хаттамалық нысанда рәсімделген қылмыстық іс түскен кезде, судья тек төмендегі әрекеттерді орындайды,

1. Істі кім қарастыратынын, қандай іс қаралуы қажет екенін, кім және ҚР ҚК қай бабына сәйкес жауапқа тартылатынын жариялайды;

2. Сотталушының, сондай-ақ істі қарауға қатысатын басқа тұлғалардың келуін тексереді;

3. Процеске қатысушылардың жеке басын анықтайды және олардың заңды өкілдерінің өкілеттілігін тексереді, егер олар болса, қорғаушының өкілеттілігін тексереді;

4. Процеске қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және іс қарауды олардың қатысуынсыз немесе оны кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5. Қажет болған жағдайда міндетті түрде қатысуы қажет тұлғаны сотқа әкелу туралы қаулы шығарады, аудармашы тағайындайды;

6. Істі қарауға қатысатын тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

7. Қойылған шағымдар мен өтініштерді шешеді;

8. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хаттаманы жариялайды, қажет болған жағдайда басқа іс материалдарын да жариялайды;

9. Істі қарауды кейінге қалдыру туралы қаулы шығарады: өзін-өзі аластату немесе судьяның аластатылуы туралы өтініш бойынша, егер судьяның аластатылуы істі қарауға кедергі келтірсе; қорғаушының, уәкілетті өкілдің, сарапшының немесе аудармашының аластатылуы туралы өтініш бойынша, егер бұл аластатылу істі қарауға кедергі келтірсе, істі қарауға қатысатын тұлғалардың келуі немесе қосымша материалдарды алу қажеттілігі бойынша, қажет болған жағдайда судья сараптама тағайындау туралы қаулы шығарады» - деп көрсетілген [6].

Сотқа дейінгі тергеу аяқталып, негізгі сот талқылауының кезеңдеріне жатпайтын бірнеше міндетті сатылар бар, мысалы, сот тергеуі, тараптардың сөзталастары, айыпталушының соңғы сөзі. Басқаша айтқанда, хаттамалық нысан бойынша істерді қарау оңайлатылған тәртіпте өтеді.

Осылайша, «ҚР ҚПК 529-бабының 1-тармағына сәйкес, хаттамалық нысан бойынша алдын ала тергеудің оң сипаттарына мыналарды жатқызуға болады,

— Біріншіден, бұл ең қысқа тергеу мерзімі, яғни қоғамдық қауіптілігі аз қылмыстарды қарау кезінде кідірістерді болдырмау.

— Екіншіден, көп мөлшерде тергеу әрекеттерін жүргізудің қажеті жоқ.

— Үшіншіден, тергеуді аяқтау хаттама жасау арқылы жүзеге асырылады, бұл айыптау актісін жасаудан әлдеқайда оңай, аталған оң жақтарға қарамастан, бұл тергеу түрінде ҚР ҚПК 24-бабында белгіленген қағидат жүзеге аспайды» - делінген [6].

«2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 118-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қылмыстық процеске туралы жаңа сөз енгізілді – бұйрықтық өндіріс. Бұл өндірісті реттеу үшін ҚР ҚПК 13-1-бөлім қосылды,

«ҚР ҚПК 629-1 бабының 2-тармағына сәйкес, теріс қылықтар мен ауыр емес қылмыстар бойынша істер бұйрықтық өндіріс тәртібінде қаралуы мүмкін, егер,

1. жиналған дәлелдемелер арқылы қылмыстық теріс қылық және (немесе) онша ауыр емес қылмыс фактісі және оны жасаған адам анықталса.

2. күдікті қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсінің қолда бар дәлелдемелеріне дау айтпаса, өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) саралануына, келтірілген нұқсанның (зиянның) мөлшеріне (сомасына) келіссе.

3. жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың санкциясы негізгі жаза түрлерінің бірі ретінде айыппұлды, оның ішінде, егер санкцияда осы құқықтан айырудың дәл мерзімі белгіленсе, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түрінде міндетті қосымша жаза түрін көздесе.

4. күдікті істі дәлелдемелерді зерттемей, өздерін істі сотта қарауға шақырмай және қатыстырмай, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе, ал жәбірленуші, сондай-ақ азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкер (олар іс бойынша қатысқан жағдайда) бұған келісім білдірсе, сотқа дейінгі өндірісті жүзеге тұлға, осы баптың екінші бөлігімен қарастырылған негіздердің жиынтығы анықталған сәттен бастап бес күн ішінде бұйрықтық өндіріс қолдану туралы қаулы қабылдай отырып, сотқа дейінгі өндірісті өндірісті аяқтайды» - деп көрсетілген [6].

ҚР ҚПК 629-1-баптың 6-тармағына сәйкес, бұл ретте сотқа дейінгі өндірісті жүзеге тұлға, тек қана қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және күдіктінің, айыпталушының кінәсін дәлелдейтін басқа да дәлелдемелерді тіркейтін тергеу және басқа да процестік әрекеттерді жүргізуге құқылы [6].

ҚР ҚПК 629-4-баптың 1-тармағына сәйкес, судья, іс сотқа түскен сәттен бастап үш күн ішінде бұйрықтық өндірісті қолдану туралы қаулы негізінде, сот отырысын өткізбестен, ұсынылған материалдар негізінде істі жеке қарауға тиіс [6].

Сөйтіп, бұйрықтық өндіріс тәртібіндегі сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде құқықбұзушылық кезінде барлық мән жайды жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидаты жүзеге асыру керек.

Жоғардағылар негізінде, хаттама түрінде рәсімделген істерде, жеделддетілген тергеп-тексеру өндірісі және бұйрықтық өндіріс тәртібінде де істің барлық мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидаты алдын ала тергеу барысында да, сот сатысында да жүзеге асырылу тиіс емес. Мұндай алдын ала тергеу мен анықтау барысында басқа болатынын байқауға болады. Бұл мәселеге толығырақ тоқталайық.

ҚР ҚПК 191 бабына сәйкес, «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, осы баптың екінші - он екінші бөлімдерінде көрсетілген қылмыстар бойынша алдын ала тергеу міндетті емес және анықтау материалдары істі сотта қарау үшін негіз бола алады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтау, егер қылмыс жасаған деп күдік келтірілген тұлға белгілі болса, жүргізіледі.

Анықтау осы Кодексте алдын ала тергеу үшін белгіленген ережелер бойынша жүргізіледі, осы тараудың ережелерінен басқа.

Анықтау ісі бойынша алдын ала тергеу мерзімі бір айдан аспауға тиіс» [6].

Заң шығарушы анықтау өндірісінің анықтамасын бермеген. Сондықтан бұл ұғымды қылмыстық процесс ғылымының мамандары қалай түсіндіргенін қарастырайық.

Н.А. Власованың ой, «анықтау – бұл тиісті әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметі. Ол қылмыс жасағаны туралы деректерге жедел әрекет ету және қылмыстарды ашу, кінәлілерді ұстау және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуден тұрады» - деп көрсеткен [19, 144 б.].

П.В. Вдовцевтің ойы, «анықтау — бұл қылмыстың іздерін табу және тіркеу мақсатында шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу. Бірақ бұл толық қылмыстық істі тергеу емес» - деп көрсеткен [20, 26 б.].

Қорытындылай келе, бұл екі анықтама дұрыс, бірақ олар толық көлемдегі тергеудің алдын ала тергеу түрі ретінде емес, тек алдын ала тергеу жүргізілетін істер бойынша тергеу органдарының қызметіне қатысты. Бұл ҚПК РК 196-бабымен реттеледі. Аталған бап тергеушінің қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда (ауылдардың алыстығы, уақытша қиындықтар) тергеу жүргізу тәртібін белгілейді. Осы жағдайларда тергеу органдарына шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу құқығы беріледі. Сонымен қатар, прокурор бұл туралы дереу хабардар болуы тиіс. Барлық қажетті процессуалдық әрекеттер аяқталғаннан кейін, тергеушіге іс материалдары бес тәулік ішінде тапсырылады. Тергеу органдарының осы қылмыстық іс бойынша әрі қарай қатысуы тек тергеуші органдарының тапсырмаларын орындау аясында мүмкін болады.

Бұл жағдайда Е.Н. Погорелова дұрыс айтады, себебі ол анықтау мен шұғыл тергеу әрекеттерін ажыратады. «Анықтау» термині алдын ала тергеу қажет болмайтын қылмыстық істер бойынша тергеудің арнайы түрін білдіреді. Шұғыл тергеу әрекеттері — бұл басқа тергеу түрі — алдын ала тергеудің бөлігі және ол тергеу әрекеттерінен басқа да процестік әрекеттерді қамтиды. РФ ҚПК 152-бабына сәйкес шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу құқығы анықтаушы мен анықтау органдарынан басқа, тергеушілерде де бар [21, 102 б.].

А.С. Есинаның пікірінше, тергеу — бұл арнайы тергеу түрі. Тергеу барысында екі тәуелсіз процестік іс-әрекет түрі бөлінеді: толық тергеу және жедел тергеу іс-әрекеттерін жүргізу [22, 206 б.].

«Классикалық түсінікте анықтау — бұл қылмыстың ашылу процесі. Ол заң бойынша қылмыс оқиғасын, оған кінәлі адамдарды және дәлелденуі қажет

басқа жағдайларды анықтау үшін барлық шараларды қабылдауды қамтиды» - деп көрсеткен [23, 42 б].

«Анықтау – бұл қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу, егер келесі қиындықтар жоқ болса

— Құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны анықтамау

— Құқық бұзушылықты жасаған жасөспірімдер немесе физикалық немесе психикалық кемшіліктері бар тұлғалар, олардың өз құқықтарын қорғау мүмкіндігі жоқ

— Қылмыстың ауырлығы немесе аса ауырлығы.

Егер аталған қиындықтар болмаса, тергеу бір ай ішінде аяқталуы мүмкін.

Алайда, «2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен бұл ереже алынып тасталды» - деп көрсетілген [6].

Тергеу судьясы тергеуді қалай жүргізу керектігі және қандай тергеу әрекеттерін жасау керектігі туралы нұсқау бере алмайды. Ол сотқа дейінгі өндірісті жүргізушілердің орнына әрекет жасауға немесе шешім қабылдауға құқығы жоқ. Судья анықтау органының қарауындағы және қаралып жатқан іске қатысы жоқ басқа істерді тексермейді. Ол жеке тергеу немесе басқа процестік әрекеттерді жүргізу, күдіктінің әрекеттерін қалай саралау керектігі, істі бір анықтаушыдан екіншісіне беру немесе тергеуді бірнеше анықтаушыға тапсыру туралы айта алмайды [44, 1 б].

ҚР ҚПК 56 бабының 4-бөліміне сәйкес, «Тергеу судьясы істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қараудың нысанасы болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешуге, ҚР ҚПК 55-бабы екінші бөлігінің 7-ші тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеп-тексеру бағыты және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беруге, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ істі мәні бойынша қарайтын соттың орнына әрекет жасауға және шешім қабылдауға тиіс емес» - деп көрсетілген [6].

ҚР ҚПК 55-бабы екінші бөлігінің 7) тармағы негізінде «Тергеу судьясы қорғаушы, жәбірленушінің өкілі ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша сараптама тағайындау не қылмыстық қудалау органының, жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, оның ішінде, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылдаса, өзге тергеу әрекеттерін жүргізуі туралы мәселені қарайды» - деп көрсетілген [6].

Демек, қазіргі уақытта тергеу судьясы мен тергеушінің жұмыс тәртібі оларға бір-бірінен тәуелсіз жұмыс істеуге мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

Тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеудің заңды жүргізілуін қадағалайды. Ол алдын ала тергеудің мазмұнына араласпайды, тек тергеушінің іс-әрекеттерінің, әсіресе егер бұл әрекеттер қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын бұзуы мүмкін болса, негізділігі мен заңдылығын тексереді.

Тергеуші қандай да бір әрекеттерді жүргізу қажеттілігі туралы толықтай дербес шешім қабылдайды және санкция алу үшін тергеу судьясына жүгінеді. Егер судья рұқсат берсе, бұл заң бұзылмағанын және тергеушінің тиісті әрекеттерінің негізді екенін білдіреді. Кейбір көзқарастарда тергеу судьясының араласуы тергеушінің процестік дербестітігіне шектеу қою деп бағаланады. Алайда бұл – үстірт пікір. Шын мәнінде, тергеу судьясы тергеу органдарының қызметіне араласпай, олардың әрекеттеріне заң аясында бақылау жүргізеді. Бұл бақылау тергеу барысында адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қылмыстық іс жүргізудің заманауи үлгісінде тергеу судьясы маңызды және ерекше рөл атқарады. Ол – сот төрелігінің тәуелсіз әрі бейтарап субъектісі ретінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының кепілі бола отырып, соттық бақылауды жүзеге асырады.

Біздің ойымызша, тергеу судьясы - қылмыстық сот ісін жүргізудің дербес және тәуелсіз қатысушысы. Оның қызметі тергеушінің процестік дербестігін шектемейді, керісінше, қылмыстық процестегі жарыспалылық қағидатының іске асырылуын объективтендіруге мүмкіндік береді, ол тергеу органдарының әрекеттері мен шешімдеріне заңдылық тұрғысына баға береді, жеке тұлғалардың мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін заңсыз әрекеттерді болдырмауға бағытталған бақылау орнатады, айыптау тарапына бейтараптық жағдайында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мүддесінде сот бақылауын іске асырудың негізгі кепілі бола алады.

Профессор И.Л. Петрухиннің «Соттық бақылау - әлемдік құқықтық мәдениеттің игілігі және өркениеттің ұзақ даму процесінің нәтижесі» тергеу судьясының қызметінің тарихи және құқықтық маңызын нақты сипаттайды, бұл институт – құқықтық мемлекеттің ажырамас элементі, ал оның тиімді жұмыс істеуі – қоғам мен жеке тұлғаның қорғалу деңгейін әділетті деп тану керек.

Тергеу судьясының институты - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған құқықтық тетіктерінің бірі. Оның тәуелсіздігі мен бейтараптығы соттық бақылаудың тиімділігін арттырып, қылмыстық процеске деген сенімді нығайтады. Бұл институт – қылмыстық сот өндірісінің заңдылығын, әділеттілігін қамтамасыз ететін маңызды буын. Сондықтан тергеу судьясының рөлін одан әрі жетілдіру және оның процестік мүмкіндіктерін кеңейту – құқықтық мемлекет құрылымының дамуындағы өзекті міндеттерінің бірі [45, 3 б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қылмыстық қудалау кезінде іс мән-жайын тергеу кезінде тергеуші істің жан-жақты, толық және объективті түрде қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу нәтижесінде біз төмендегілерді анықтадық.

1. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу заңдылығы, ҚР ҚПК-нің 24-бабында бекітілген. Бұл қағидат бойынша, қылмыстық процесті жүргізетін барлық адамдар, тек сот қана емес, істің барлық жағдайын әділ әрі толық зерттеуге міндетті.

Сот дәлелдемелерді жинауда бейтарап болуы керек, яғни алдын ала тергеудің толық еместігін жою үшін өз бастамасымен әрекет ете алмайды. Бірақ сот істің жан-жақты, толық және объективті зерттелуі үшін тараптарға қажетті жағдайларды жасауға міндетті.

Жан-жақтылық дегеніміз – істің айыптау және қорғау жақтарынан да зерттелуі. ҚР ҚПК-нің 24-бабының 5-бөлігінде айтылғандай, сотқа дейінгі тергеп тексеру ісі бойынша күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының кінәсін дәлелдейтін және ақтайтын, сондай-ақ олардың жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар анықталуға тиіс.

Толық зерттеу дегеніміз – сотқа дейінгі тергеудің ісі бойынша ҚР ҚПК-нің 113-бабына сәйкес міндетті түрде анықталуға тиіс барлық мән-жайлардың анықталуы.

Объективтілік – істі жүргізетін және істің мән-жайы бойынша шешім қабылдайтын адамдардың әділ, бейтарап және адал болуын талап ететін құқықтық және адамгершілік қағида. Олар өз пікіріне, бір жақтылыққа және немқұрайлылыққа жол бермеуі керек, әйтпесе бұл айыптауға бейімділікке әкелуі мүмкін.

Сотқа тікелей қатысты нормалар, ҚР ҚПК-нің 23-бабында бекітілгендей тараптардың жарыспалылығы мен теңдігі қағидатымен салыстыра талдау керек. Себебі бұл екі қағидат та іс үшін маңызы бар дәлелдемелерді зерттеу тәртібін нақтылайды.

ҚР ҚПК-нің 24-бабы 3-бөлігінде көрсетілгендей, сотқа дейінгі тергеудің ісін қарайтын сот объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, айыптау мен қорғау тараптарына істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге өз құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасайды делінген.

Осыған ұқсас, ҚР ҚПК-нің 23-бабының 6-бөлігінде, «Сот объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, тараптардың өз процестік міндеттерін орындауы және берілген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлар жасауға міндетті».

ҚР ҚПК-нің 24-бабының 4-бөлігінде соттың тараптардың сот отырысында бар және ұсынылған дәлелдемелерді зерттеудің қажеттілігі мен жеткіліктігі туралы пікірімен байланысты емес екендігі көрсетілген. ҚР ҚПК-нің 380-бабы 2-ші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда қолданылады.

Алайда, ҚР ҚПК-нің 23-бабының 8-бөлігінде көрсетілгендей, тараптар сотқа дейінгі тергеп тексеру ісін жүргізу барысында өз ұстанымдарын, оны

қорғау тәсілдері мен құралдарын соттан, басқа органдар мен адамдардан тәуелсіз және өз беттерінше таңдайды делінген. Сот тараптың өтініші бойынша оған осы Кодексте тікелей көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға көмектеседі.

Бұл жерде қылмыстық процестің екі қағидатының арасында айқын қайшылық бар.

Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 380-бабы тараптарға тиесілі дәлелдемелерді зерттеуді шектеу құқығын көздейді.

ҚР ҚПК-нің 380-бабындағы нормалар түріндегі мұндай толықтыруды ескере отырып, ҚР ҚПК-нің 23-бабының сегізінші бөлігінің басымдығы байқалады.

Басқалай айтқанда, ҚР ҚПК-нің 24-бабының 4-бөлігіндегі соттың тараптардың сот отырысында бар және ұсынылған дәлелдемелерді «зерттеудің қажеттілігі мен жеткіліктігі» туралы пікірімен байланысты емес екендігі туралы ережелер күшін жояды.

Оның үстіне, ҚР ҚПК-нің 24-бабының 4-бөлігі ҚР ҚПК-нің 24-бабының 2-бөлігіндегі соттың сотқа дейінгі тергеудің толық еместігін жою мақсатында өз бастамасымен қосымша дәлелдемелер жинауға құқығы жоқ деген нормаға қайшы келеді.

Жоғардағылар негізінде, ҚР ҚПК-нің 24-бабындағы істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қажеттілігі туралы қағидаттың мазмұнын ашатын нормалар кейбір жағдайларда, ҚР ҚПК-нің 23-бабының тараптардың жарыспалылығы мен теңдігі негізінде сот ісін жүргізу қағидатын бекітетін ережелерін қайталайды, ал басқа жағдайларда оларға қайшы келеді деген қорытынды жасауға болады.

2. Заң бойынша (ҚР ҚПК-нің 189-бабының 1-бөлігі), сотқа дейінгі тергеу үш нысанда жүргізіледі: анықтау, алдын ала тергеу және хаттамалық нысан.

Анықтау әдеттегідей немесе жеделдетілген тәртіпте жүргізілуі мүмкін. Сондай-ақ, қылмыстық теріс қылықтар бойынша (ҚР ҚПК-нің 526-бабы) хаттамалық нысан болуы мүмкін. Сонымен қатар, анықтау істері бұйрықтық өндіріс тәртібімен тергелуі мүмкін.

Алдын ала тергеу де әдеттегідей немесе жеделдетілген тәртіпте жүзеге асырылуы мүмкін.

Егер, тергеу қарапайым болса (құжаттарды ресімдеудің хаттамалық нысаны, жеделдетілген немесе бұйрықтық өндіріс), істің барлық мән-жайлары толық және объективті зерттелді деуге болмайды.

Егер іс жылдам тергелсе (жеделдетілген өндіріс), онда сот та қысқа болады.

Хаттамалық нысандағы істер бойынша сотта дәлелдемелерді зерттеу, тараптардың жарыссөзі және айыпталушының соңғы сөзі сияқты, сот талқылауының әдеттегі кезеңдері жоқ. Нақты атап айтқанда, хаттамалық нысандағы істер бойынша сот қарапайым түрде өтеді.

Егер іс сотқа бұйрықтық өндірісті қолдану туралы қаулымен келіп түссе, судья сот отырысын өткізбей, ұсынылған материалдардың негізінде үш

тәулікке дейінгі мерзімде істі жеке өзі қарайды (ҚР ҚПК-нің 629-4-бабының 1-бөлігі).

Нәтижесінде, хаттамалық нысанда рәсімделген, жеделдетілген тергеп-тексеру өндіріс тәртібімен және бұйрықтық өндіріс тәртібімен қаралған істер бойынша істің барлық мән-жайларын толық және объективті зерттеу қағидаты тергеу барысында да, сот сатысында да сақталмайды.

3. Тергеу бөлімінің бастығы тергеушінің жұмысын бақылауға уәкілетті. Бұл құқық оған ҚР ҚПК 59-бабының 2-бөлігімен берілген.

ҚР ҚПК-нің 59-бабы тергеу бөлімінің бастығы негізінен ұйымдастыру жұмысымен айналысатынын көрсетеді. Бірақ оның тергеушіге қатысты құқықтары әртүрлі. Кейде ол тергеуші мен прокурор арасында делдал рөлін атқарады.

Біздің байқауымызша:

— Кейбір жағдайларда бастық тергеушіге көмектеседі (мысалы, тергеу аяқталғаннан кейін істерді, жеделдетілген тергеу хаттамаларын және бұйрықтық өндіріс тәртібімен аяқталған қылмыстық істерді прокурорға жібереді; прокурордан тергеу сотының қаулысына наразылық келтіруді сұрайды).

— Кейбір жағдайларда тергеу бөлімінің бастығы тергеушінің шешімдерімен келіспеуі мүмкін (мысалы, прокурордан тергеушінің негізсіз процестік шешімін жою туралы өтініш жасайды).

— Кейбір жағдайларда тергеу бөлімінің бастығы тергеушінің заңды әрекетін тікелей тексереді (тергеушінің өз ісіндегі тергеу әрекеттерін уақытылы орындауын, тергеу және қамау мерзімін сақтауын, прокурордың нұсқауын және басқа тергеушінің тапсырмасын орындауын бақылайды, тергеушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне түскен шағымдарды қарайды).

— Кейбір жағдайларда бастық тек жұмысты ұйымдастырады мысалы, тергеуді бірнеше тергеушіге тапсырады, тергеушіні істен шеттетеді, өз құзыреті шегінде өзіне бағынысты алдын ала тергеу жүргізетін бір тергеу бөлімшесінен қылмыстық істі алып, осы немесе басқа өзіне бағынысты алдын ала тергеу жүргізетін органның басқа тергеу бөлімшесіне бере алады).

Біздің ойымызша, бақылаудың мұндай түрлері тергеушілердің процестік дербестігін айтарлықтай шектейді. Бастық тергеу және басқа да процестік әрекеттерді жүргізу, процестік шешімдер қабылдау туралы нұсқаулар берген кезде, тергеушінің әдістеме таңдауда өз еркіндігі қалмайды.

Қатаң бақылау ҚР ҚПК-нің 59-бабы 2-бөлігінің 5-тармағында көрсетілген негізінде, ол тергеу бөлімінің бастығы «қылмыстық істерді зерделеуге және олар бойынша нұсқаулар беруге» құқық береді.

Біздің пікірімізше, тергеу бөлімінің бастығы тергеушінің танымдық-ізвестіру, дәлелдемелік қызметіне айтарлықтай әсер ететін нұсқауы оның процестік дербестігін едәуір шектейді және ҚР ҚПК-нің келесі заңға қайшы келеді,

— ҚР ҚПК-нің 59-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі бойынша тергеу бөлімінің бастығының нұсқаулары тергеушінің

дербестігін, оның осы Кодекстің 60-бабында белгіленген құқықтарын шектемеуі тиіс.

— ҚР ҚПК-нің 60-бабының 7-бөлігіне сәйкес, сотқа дейінгі тергеуді жүргізу кезінде барлық шешімдерді тергеуші өз бетімен қабылдайды, заңда прокурордың келісімін, соттың санкциясын немесе сот шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда және олардың заңды және уақтылы орындалуы үшін толық жауапты болады.

4. 2014 жылғы ҚР ҚПК бұрын болмаған жаңа қатысушы енгізілді – бұл процестік прокурор. Процестік прокурор сотқа дейінгі ісі бойынша тергеу басталғаннан бастап қадағалауды жүзеге асырады және бірінші сатыдағы сотта мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысады. Атап айтқанда, ҚР ҚПК әрбір қылмыстық істі тергеу басынан аяғына дейін прокурорлық қадағалаумен үздіксіз қамтамасыз етуді көздеді.

Қазіргі уақытта тергеуші келесі процессуалдық шешімдерді прокурормен келісуі керек:

— — ҚР ҚПК-нің 64 және 202-баптарына сәйкес, күдікті деп тану туралы қаулыны.

— ҚР ҚПК-нің 64 және 203-баптарына сәйкес, қылмыстық құқықбұзушылықты саралау туралы қаулы.

— ҚР ҚПК-нің 192-бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеу мерзімін тоқтату туралы қаулы.

— ҚР ҚПК-нің 65 және 528-баптарына сәйкес, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекіту.

— ҚР ҚПК-нің 192, 289–290 баптарына сәйкес, қылмыстық құқықбұзушылықты тоқтату туралы қаулыны бекіту.

— ҚР ҚПК-нің 629-2 және 629-3-баптарына сәйкес, бұйрықтық өндірісті қолдану туралы қаулыны бекіту.

Қазіргі уақытта тергеуші тек келесі шешімдерді өзі ғана қабылдауға құқылы:

- күдіктіні ұстау туралы, прокурорға 12 сағат ішінде хабарлау .
- ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат, жеке кепілдік, әскери бөлім командирінің әскери қызметшіні бақылауы, кәмелетке толмағанды қарауға беру түріндегі бұлтартпау шаралары туралы.
- сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын адамға және сотқа келу туралы міндеттеме, мәжбүрлеп әкелу сияқты өзге де мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы .
- сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу туралы (жәбірленушіден және куәден үлгілерді мәжбүрлеп алу жағдайларын қоспағанда)
- сараптама тағайындау туралы.
- ҚР ҚПК 220-бабының он үшінші, 13-1, 13-3 және 13-4-бөліктерінің қағидаларын қоспағанда алуды жүргізу туралы.

Прокурордың немесе соттың санкциясын талап етпейтін тергеу әрекеттерінің тізбесі келесідей: жауап алу және беттестіру; қарау (тұрғын үйді мәжбүрлеп қарауды қоспағанда); тану, ҚР ҚПК 220-бабының он үшінші, 13-1,

13-3 және 13-4-бөліктерінің қағидаларын қоспағанда оқиға болған жерде айғақтарды тексеру және нақтылау, тергеу эксперименті, сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу, алуды жүргізу.

Қалыптасқан жағдайда тергеушінің процессуалдық жағдайы анықтаушының процессуалдық жағдайынан айтарлықтай ерекшеленбейтінін атап өту керек. Олардың өкілеттіктеріндегі айырмашылық, олар тергеу жүргізуге уәкілетті қылмыстық істерді бөлуден басқа, заңда көзделген жағдайларда анықтаушы өз шешімдерін анықтау органының бастығымен бекітуі немесе келісуі керек дегенге саяды.

Атап өту керек, қазіргі кезеңде тергеушілер де, анықтаушылар да процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыратын сотқа дейінгі өндірістің түрі байқалады. Біз жеделдетілген тергеп-тексеру өндірісін айтып отырмыз.

3. Қазіргі сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізу қызметінің бұрынғы кезеңдердегі алдын ала тергеуден бір айтарлықтай ерекшелігі бар – бұл оған сотқа дейінгі құқықтық қатынастардың жаңа қатысушысы ретінде тергеу судьясының тұрақты қатысуы.

Алдын ала тергеу барысында тергеуші бұрынғы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес прокурорға жүгінуге тиіс болған жағдайларда тергеу судьясымен құқықтық қатынастарға түседі.

Іс жүзінде Қазақстанда тергеу судьясы қылмыстық қудалау органдарының, қорғау тарапының бастамасы бойынша дәлелдемелерді жинауға жәрдемдесуге қатысады. Тергеу судьясының тергеушінің процесік дербестігін бұзуға, прокурордың қадағалауын алмастыруға, түпкі мәні бойынша сот талқылауының мәні болып табылатын мәселелерді алдын ала шешуге құқығы жоқ екенін атап өтейік, бірақ басқа құқық қорғау органдарынан дербес және тәуелсіз бола отырып, тергеу судьясы қорғау тарабы мен айыптау тарабы мүдделерінің теңгерімін ішінара реттей алады.

Тергеу судьясы қылмыстық іс бойынша процеске жарыспалылық элементін де, сот дәлелдемелерінің анықтығы элементін де енгізеді, осылайша бірінші сатыдағы сотта тараптар арасында болуы мүмкін қақтығыстардың көпшілігінің алдын алады.

Сонымен қатар, тергеу судьясының тергеушімен өзара қарым-қатынасындағы өкілеттіктерінің шегі заңмен қатаң белгіленген.

ҚР ҚПК-нің 56-бабының 3-бөлігіне сәйкес, тергеу судьясының құқығы жоқ

1. Сотқа дейінгі өндірісті жүзеге асыратын органнан қаралып жатқан мәселе бойынша қосымша ақпарат талап етуге.

2. Тиісті сотқа дейінгі өндірістің барлық материалдарымен танысуға және оларды зерттеуге.

3. Процеске қатысушыларды сот отырысына шақыруға және олардан қылмыстық іс бойынша қажетті ақпарат алуға.

Тергеу судьясының өкілеттіктеріне тергеу бағыты мен тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беру, сотқа дейінгі өндірісті жүзеге асыратын адамдардың орнына әрекеттер жасауға және шешімдер қабылдауға, анықтау органының өндірісіндегі қаралып жатқан іске қатысы жоқ басқа

істерді тексеруге, жекелеген тергеу және өзге де процестік әрекеттерді жүргізу, күдіктінің әрекетін саралау, істі (материалды) бір анықтаушыдан екіншісіне беру немесе бірнеше анықтаушыға анықтауды тапсыру туралы нұсқаулар беру құқығы кірмейді [6].

ҚР ҚПК-нің 56-бабының төртінші бөлігінде тергеу судьясы, ҚР ҚПК-ке сәйкес, істі түпкілікті шешу кезінде сот қарауының мәні болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешпеуге, тергеу бағыты мен тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар бермеуге тиіс екендігі көзделген.

Осылайша, қазіргі уақытта тергеу судьясы мен тергеушінің өкілеттіктерін нормативтік реттеу қылмыстық іс жүргізу қызметінің аталған субъектілерінің ұйымдық дербестігін қамтамасыз етеді деген қорытынды жасау керек.

Тергеу судьясы алдын ала тергеудің заңдылыққа соттық бақылау функциясын жүзеге асырады, алдын ала тергеудің мазмұнына араласпайды, тек тергеушінің тергеу және өзге де әрекеттерінің негізділігі мен заңдылығын, егер бұл әрекеттер қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтарын елеулі түрде бұзған жағдайларда ғана бақылайды.

Бұл әрекеттерді жүргізу қажеттілігі туралы шешімді тергеуші толығымен дербес қабылдайды және санкция алу үшін тергеу судьясына жүгінеді, оны беру заң бұзушылықтардың жоқтығын және тергеушінің тиісті әрекеттерді жүргізуінің толық негізділігін білдіреді.

Біз тергеу судьясы қылмыстық сот ісін жүргізудің дербес және тәуелсіз қатысушысы ретінде, оның қызметі тергеушінің процестік дербестігін шектемейтін, керісінше, қылмыстық процесте жарыспалылық қағидатын объективтендіруге мүмкіндік береді, айыптау тарапына қатысты бейтараптық жағдайында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мүддесінде соттық бақылауды жүзеге асырудың негізгі кепілі бола алады деп есептейміз.

Зерттеу нәтижесінде біз келесі тұжырымдарға келеміз:

Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу туралы қағиданы іске асырудың қазіргі заманғы сот-тергеу практикасы оның нормативтік нұсқамаларына мүлдем сәйкес келмейтіндігіне байланысты «ҚР ҚПК 24-бабында бекітілген қағидаттың атауын, сондай-ақ оның мазмұнын өзгерту қажет деп санаймыз және келесідей жаңа редакциясы ұсынылады

«24-бап. Істі жан-жақты және толық зерттеу.

1. Сот, прокурор, тергеуші және анықтаушы істі дұрыс шешу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

2. Қылмыстық қудалау органдары іске қатысты мәні бар жағдайларды анықтау үшін нақты деректерді жинайды.

3. Іс бойынша күдіктіні, айыпталушыны немесе сотталушыны кінәлі ететін де, ақтайтын да жағдайлар анықталуға тиіс. Сондай-ақ, олардың жазасын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар зерттеледі. Қылмыстық процесті жүргізуші орган күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының кінәсіздігі туралы немесе кінәсінің жеңіл дәрежеде екені жөніндегі барлық мәлімдемелерді тексеруге міндетті. Сонымен қатар, оларды

ақтайтын немесе жауапкершілігін жеңілдететін дәлелдердің бар-жоғын анықтауы керек. Дәлелдерді жинау кезінде заңсыз әдістер қолданылғаны туралы мәліметтер де тексеріліп, қылмыстық іске тіркеп, одан әрі сот нақты шешім қабылдауға.

2. ҚР ҚПК 59-бабының 2-бөлігінің 5) тармағына өзгерістер енгізе отырып келесідей жаңа редакциясы ұсынылады: «қылмыстық істерді зерттеп, олар бойынша тергеушінің процессуалдық тәуелсіздігін шектемейтін нұсқаулар беруге».

3. ҚР ҚПК 193-бабының 1-бөлімінің 12-1) тармағына өзгерістер енгізе отырып келесідей жаңа редакциясы ұсынылады: «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 17-тарауында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық бойынша, аса ауыр қылмыстар мен ауыр қылмыстар, жеделдетілген өндірісте аяқталмайтын және қоғамда ерекше резонанс тудырған істер бойынша алдын ала тергеу жүргізіледі».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

- 1 «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы» - [Электрондық ресурс], - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39401807 - (жүгінген күні: 15.01.2024).
- 2 «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы»: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavygosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g. (жүгінген күні: 22.01.2024).
- 3 Большая российская энциклопедия: в 30 т. Т. 19. Маниковский Меотида / Гл. ред. Ю. С. Осипов. М.: Большая Российская энциклопедия, 2012. 767 с.
- 4 Строгович М.С. Уголовный процесс. - Москва: Наука, 1946. – 360 с.
- 5 Алексеев С.С. Общая теория права. Т.1. - М.: Юристъ, 1999. – 310 с.
- 6 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ», - [Электрондық ресурс], - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575852. (жүгінген күні: 04.02.2024).
- 7 Пряхина Е.С., Янин М.Г. Всесторонность, полнота и объективность исследования обстоятельств дела как принцип современного уголовного судопроизводства//Вестник Челябинского государственного университета. Серия: Право.- 2021. - Т. 6. - № 3. - С. 62-65.
- 8 Олефиренко Т.Г. К вопросу о понятии всесторонности, полноты, объективности исследования обстоятельств дела в уголовном процессе//Актуальные проблемы борьбы с преступлениями и иными правонарушениями. - 2017. № 17-1. - С. 136-137.
- 9 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №206 - [Электрондық ресурс], - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=3308442 (жүгінген күні: 13.02.2024).
- 10 Пашин С. А. Проблемы доказательственного права // Судебная реформа: юридический профессионализм и проблемы юридического образования. Дискуссии. М., 1995. - С. 312- 322.
- 11 Шейфер С. А. Доказательства и доказывание по уголовным делам: проблемы теории и правового регулирования: монография. М.: НОРМА, 2009. -240 с.
- 12 Соколовская Н.С. Полнота, всесторонность и объективность исследования обстоятельств уголовного дела и принцип состязательности//В сборнике: Правовые проблемы укрепления российской государственности. Ответственные редакторы М.К. Свиридов, Ю.К. Якимович; редакторы О.И. Андреева, И.В. Чаднова /Министерство образования и науки РФ, Томский государственный университет. Томск, 2011.- 560 с.

- 13 Луковников Г.Д. Гносеологические и правовые основы доказывания в уголовном судопроизводстве. Восточно-европейский научный вестник. - 2015. - №1 - С.86-90
- 14 Уголовно-процессуальный кодекс Республики Беларусь от 16 июля 1999 года № 295-З. - [Электрондық ресурс], - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414958&pos=332;-46#pos=332;-46 (жүгінген күні: 16.02.2024).
- 15 Дьяченко В.И. О дальнейшей дифференциации формы досудебного производства // Формы досудебного производства и их совершенствование. Волгоград, -1989. - С. 16-17.
- 16 Кондрат И.Н. Подследственность дознания: проблемы и пути их практического решения //В сборнике: Великая Российская революция 1917 года в истории и судьбах народов и регионов России, Беларуси, Европы и мира в контексте исторических реалий XX - начала XXI века материалы международной научной конференции, главный редактор А.В. Егоров, Витебский государственный университет имени П.М. Машерова. 2017. - С. 278-281.
- 17 Турукпаева Р. Исторический аспект упрощенного досудебного производства. - [Электрондық ресурс], - Айналыс режимі: <http://articlekz.com/article/7453> (жүгінген күні: 21.06.2024).
- 18 «Соттардың қылмыстық істерді қысқартылған тәртіппен қарауы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы №17 Нормативтік қаулысы - [Электрондық ресурс], - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1052529 (жүгінген күні: 26.07.2024).
- 19 Досудебное производство в уголовном процессе. Пособие / Власова Н.А. - М.: ЮРМИС, лд, 2000. - 144 с.
- 20 Вдовцев П.В. Дознание как самостоятельная форма предварительного расследования: история возникновения и развития // Бюллетень Уральского отделения Междунар. ассоциации содействия правосудию - 2010, - №1 (3). - С. 26-31.
- 21 Погорелова Е.Н. Особенности процессуальной деятельности дознавателя и органов дознания в уголовном процессе России:.... дис. канд. юрид. наук. - Красноярск, - 2008 – 102 с.
- 22 Есина А.С. Уголовно-процессуальная деятельность органов внутренних дел в качестве органов дознания. - М., - 2009. – 213 с.
- 23 Якупов Р.Х. Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. В.Н. Галузо. – М., 1998. – 267 с
- 24 Виданов А.М. Предварительное расследование в форме дознания: проблемы законодательного регулирования / А.М. Виданов // Российский судья. -2013. -№ 9. -С. 22-24.
- 25 Якубина Ю.П. Соотношение форм предварительного расследования- [Электрондық ресурс], - Айналыс режимі: <http://cyberleninka.ru/article/n/sootnoshenie-form-predvaritelnogo-rassledovaniya> (жүгінген күні: 22.08.2024).

- 26 Влезько Д.А. Организационные функции начальника следственного отделения (отдела) в расследовании преступлений - Учебное пособие. Краснодар - 2004 – 135 с.
- 27 Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право РК. - Алматы, 1998. – 432 с.
- 28 Приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 18 июня 2018 года № 80 «Об утверждении Инструкции об организации досудебного расследования в органах прокуратуры» - [Электрондық ресурс], - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39080958 (жүгінген күні: 18.08.2024).
- 29 «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тергеу және анықтау бөліністері қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру және олардың жұмысына процестік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 220 бұйрығы - [Электронды ресурс], - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39890617 (жүгінген күні: 19.08.2024).
- 30 Шнарбаев Б.К. Внедрение трехзвенной модели уголовного процесса в Казахстане // В сборнике: Актуальные проблемы предварительного расследования. Сборник научных статей международных научно-практических конференций. Санкт-Петербург - 2022. - С. 323-331
- 31 Толеубекова Б.Х., Хведелидзе Т.Б. Трехзвенная модель судопроизводства: проблемы и перспективы модернизации уголовно-процессуального законодательства казахстана//В сборнике: Развитие современной юриспруденции: актуальные вопросы теории и практики. Сборник статей II Международной научно-практической конференции. Пенза, -2021. - С. 52-55.
- 32 Ахпанов А.Н., Хан А.Л. Проект Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам внедрения трехзвенной модели с разграничением полномочий и зон ответственности между правоохранительными органами, прокуратурой и судом»: взгляд со стороны. - [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33889622 -(жүгінген күні: 29.08.2024).
- 33 Толеубекова Б.Х., Хведелидзе Т.Б., Калкаева Н.Б. Методологические основы трехзвенной модели уголовного процесса (по материалам Республики Казахстан) // Вестник Казахского национального университета. Серия юридическая. -2021. - Т. 99. - № 3. - С. 38-49.
- 34 Ахпанов А. Н., Адилов С. А., Хан А. Л. Есть ли перспектива у предварительного следствия? // Юридическая газета. - [Электронды ресурс], - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38926875&pos=49;-20#pos=49;-20 - (жүгінген күні: 02.09.2024).
- 35 Умурзаков Е.А., Сулаимбекова С.Д. Особенности практической концепции досудебного расследования//Вестник Казахской Академии труда и

социальных отношений, Алматы, - 2020. - [Электронды ресурс], - Айналыс режимі: <https://articlekz.com/article/34866> - (жүгінген күні: 02.09.2024)

36 Лазарева В.А. Досудебное производство: перспективы развития//Юридический вестник Самарского университета. - 2019. - Т. 5. - № 4. - С. 67-73.

37 Стельмах В. Ю. Нужны ли в Российской Федерации следственные судьи? // Вестник Уральского юридического института МВД России. – 2021. – № 3. – С. 55–58.

38 Брянская Е.В. Возвращаясь к вопросу о целесообразности следственных судей в процессе доказывания по уголовному делу//Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. -2022. -№ 2 (94). -С. 101-107.

39 Калыгулова А.Д. Роль суда и его назначение в обществе // Журнал «Наука, новые технологии и инновации Кыргызстана, - Бишкек, 2014. - №2. - С. 234-235

40 Мергенова Г. Ж. Следственные судьи: казахстанский опыт и российские перспективы // Уголовный процесс. – 2020. – № 4 (184). – С. 60–63

41 Коган В. Почему бы не быть следственному судье? Советская юстиция. - М.: Юрид. лит., 1988, № 7. - С. 26-27

42 Модели уголовного процесса / Смирнов А.В. - С.-Пб.: Наука, 2000. - 224 с.

43 Толесбай С. Следственный судья - дополнительная гарантия справедливого правосудия. - [Электронды ресурс], - Айналыс режимі: <http://www.newregion.kz/?Action=ReadDNew&N1516> - (жүгінген күні: 14.01.2025).

44 Сабдин К. Следственный судья - гарант соблюдения прав, свобод и законных интересов лиц в уголовном судопроизводстве. - [Электронды ресурс], - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36688681&pos=5;-107#pos=5;-107 - (жүгінген күні: 14.01.2025).

45 Петрухин И. Л. Прокурорский надзор и судебная власть: учеб. пособие. – Москва: Проспект, - 2001. – 198 с.

ҚОСЫМША 1